

«БЕКІТЕМІН»
Директордың ОӘЖ
жөніндегі орынбасары
Абирова М. А.

« _____ » _____ 2023 ж.

**«КӘСПТІК ЭТИКА ДЕОНТОЛОГИЯ ЖӘНЕ ҚАТЫНАС ПСИХОЛОГИЯСЫ»
ПӘНІ БОЙЫНША ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМА
Мамандық: 09110200«Ортопедиялық стоматология»
Квалификация:4S09110201 «Тіс технигі»**

Курс: 2

Семестр: III.

Бақылау түрі: Сараланған сынақ

Барлық сағаттардың кредиттердің KZ жалпы саны- 48/2

Аудиториялық сабақ: 24 сағат

Практикалық сабақ: 24 сағат

«Кәсіптік этика деонтология және қатынас психологиясы» пәні бойынша оқу-жұмыс бағдарлама оқытушы Ермаханова Л.А. _____ құрастырды

«Кәсіптік этика деонтология және қатынас психологиясы» пәні бойынша жұмыс бағдарламасы мейірбике бөлімінің циклдік әдістемелік комиссияның отырысында талқыланып бекітілді.

хаттама № ____ «____» _____ 2023ж.

Циклдік әдістемелік комиссияның төрайымы _____ Ермаханова Л.А.

Академиялық бөлімінің жетекшісі, профессор _____ Кусаинова Ж.Ж.

Оқытушы туралы мағлұмат

№	Оқытушының аты- жөні	Ғылыми атағы	Қызметі	Сабақ беретін топтары (курс, группалары)	Электрон почтасының адресі
1	Ермаханова Лаура Аманкелдиевна	Магистр 1 категори я	Психология негіздері пәнінің оқытушысы	2-курс	Lermahanova@bk.ru

Пәннің жұмыс бағдарламасы келесі бөлімдерден тұрады.

1.1. Кіріспе

Медициналық этика және деонтология- медицина қызметкерлеріне жоғары гуманистік, моралдық- этикалық және эстетикалық талаптарды, әрдайым кәсіби деңгейді біліктілікті жетілдіруді, патриотизімді – өз Отанына, халқына шын берілгендікті жетілдіруді, өз ісі мен парызына жауапкершілікті қалыптастырудың және тәрбиелеудің негізі ретінде.

Медицинадағы этика мен деонтология жалпы этиканың бір саласы ретінде дәрігердің науқасқа, оның туысқандарына, әріптестеріне, кіші медицина қызметкерлеріне, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының қызметкерлеріне қатысты қарым-қатынасы мен іс- әрекеті, мінез-құлық принциптерін қарастырады, сондай-ақ дәрігердің медициналық деонтология қағидаларына сай келуі зерделенеді.

Адам өмірі ,оның денсаулығы баға жетпес құндылық болғандықтан дәрігердің моралдық- адамгершіліктік дамуының мәдени сәйкестікті анықтау мен іздеудің мүмкін болар стратегиялары мен таңдау жолдарын ұсына отырып синтездейді және жалпылайды.

Бір жағынан бұл курс дәрігердің кәсіби қызметінің барлық салаларда көрінуінің өзіндік моделі, басқа жағынан- медициналық пәндердің, олардың әрқайсысының өзінше терең әрі нақты қарастыратын мәселелерінің прологы іспеттес.

Курстың негізгі бөлімі дәрігердің кәсіби қызметінің этикалық, деонтологиялық принциптеріне арналады. Курсты құрудың логикасы кәсіби этика мен деонтологияны меңгеру бойынша кәсіби позицияны игерудің жолдары мен тәсілдерін дамыту. Медицинадағы этика мен деонтология медицина тарихындағы әр түрлі позициялардың өзара әрекеттесу процесінде келісімдік , консенсустік стратегияны жасауға үлес қосады.

Медициналық білім саласында оқып, медицина қызметкерінің кәсібі туралы тереңдетілген түсінік қалыптастырады, науқастың жеке ерекшеліктерін бағалаудың қолайлы мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

Кәсіби құзіреттілік медициналық дағдылар, ғылыми білім мен моральдық даму негізінде қалыптасады. Оның басты құрамдас бөліктері мыналар болып табылады. Оларды әдептілік қағидаларын басшылыққа ала отырып емделушілермен және әріптестерімен қарым-қатынас жасауға беймделу, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау үрдісінде өзін-өзі бақылау қабілетін сақтау және сезіну, ақпараттарды ұғабілу қабілеті жатады.

1.2. Пәннің мақсаты:

Студенттерді өнегелік мәдениет саласында мәдени жетістіктерді біліп, негізгі заңдылықтары мен формаларын игеруге бағыттау, мораль мен өнегелік туралы білімді меңгеру және қалыптастыру, күнделікті өмірде және кәсіби салада адамгершілік құндылықтары туралы түсініктерді, өнегелік нормаларды зерттеп, қазіргі заманғы этикет ережелерін білу.

Кәсіби қызмет барысында медицина қызметкерінің науқастармен, олардың туыстарымен және өз әріптестерімен нәтижелі қарым-қатынас құрастыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру.

1.3. Пәннің міндеттері:

-адамзаттың мәдени тәжірибесін игеру, қоғамдық қатынастар жүйесінде моралдің орнын анықтау;

-этика дамуының жалпы заңдылықтарына анализ беру;

-өнегелік мәдениеттегі әмбебап тарихи этнорегионалды ұлттық

феномендерін зерттеу, жалпыадамзаттық өнегелік құндылықтарды игеру;

-қызметтік міндеттерін орындау мақсатында машықтарды игеру үшін қолданбалы қоғамдық денсаулық сақтау жүйесінде қазіргі заманғы өнегелік мәселелерге мінездеме беру.

Медицина қызметкерінің емделушілермен түрлі жағдайларда және әртүрлі жағдаяттар кезіндегі өзара әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.

1.4. Оқу пәнінің жоспарланған қортынды нәтижесі

Студент білу керек:

- этика тарихи типтерінің саналуандығын;
- моралдің құрылымы мен функциясын;
- моралдің негізгі категорияларын;
- тұлғаның өнегелік қалыптасуындағы этикалық білімнің маңызын;
- тұлғаның өнегелік мәдениетінің мәнін;
- болашақ дәрігер тұлғасының өзін-өзі өнегелік тәрбиелеудің формасы мен әдістерін.

Қолдана білу керке:

- өнегелік мәдениет феноменін, оның адам өміріндегі ролін түсіндіріп, өнегелік бағдарлар мен құндылықтар туралы білу;
- этикалық мәселелерді шешіп, кәсіби міндеттерді орындау барысында адамның адамға, қоғамға, қоршаған ортаға қатынасын реттеу;
- ғылыми негізде өзінің еңбегін ұйымдастырып, оның кәсіби әрекетінде қолдану;
- этика талаптары мен әлеуметтік салдарды ескере отырып, кәсіби шешімдерді қабылдау.

Компетентті болу керек:

- кәсіби дамудың үздіксіздігі;
- медицина қызметкерінің науқаспен қарым-қатынасын қалыптастыру және қолдау, ақпарат жинау және бөлісу, шешім қабылдау;
- денсаулық сақтау саласындағы әріптестер және мамандармен әрекеттесу;

1.5. Пререквизиттері: Медицина тарихы, әлеуметтану.

1.6. Постреквизиттері: Қоғамдық денсаулық сақтау, коммуникативті дағдылар.

1.7. Тақырыптық жоспары кесте түрінде толтырылады, онда тақырыптың аты, оқытудың түрлері, пәннің қысқаша мазмұны және тақырыптарға бөлінген сағаттар көрсетілген.

1.7.1. Аудиториялық сабақтардың тақырыптық жоспары

№	Тақырып атауы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Медициналық этика және деонтология негіздері	Этика және деонтология пәні, әдістері, қызметтері және көптүрлілігі «Этика» ұғымы	2
2	Этика және деонтологияның тарихи дамуы	«Этика» ұғымы және оның мәні. Гиппократ этикасы және деонтологиясы.	2
3	Медицина колледжі оқушыларының құқықтары мен міндеттері	Медицина колледжі оқушыларының құқықтары мен міндеттері және колледждің ішкі тәртібіне бағыну.	2

4	Медицина колледжі оқушыларының этикасы	адамзаттың мәдени тәжірибесін игеру, қоғамдық қатынастар жүйесінде моралдің орнын анықтау;	2
5	Этика-деонтологияның негізгі түсініктері, қағидалары, медицина қызметкерінің жұмыс санаттары	Дәрігердің жұмысын ұйымдастыру ішкі тұлғалық қарым-қатынасты білдіру құралы ретінде.	2
6	Медицина қызметкерлерінің этикалық қағидалары мен оның ерекшеліктері	Қазіргі замандағы медициналық этиканың және деонтологияның негізгі мәселелеріндегі үш қағидасы.	2
7	Вербальды және вербальды емес коммуникация	қарым – қатынас қалыптастыруға және нығайтуға, науқастармен мәлімет жинау, ақпарат алмасуға, шешім қабылдауда вербальды қарым – қатынаста қолданатын , вербаль емес қарым-қатынас.	2
8	Адамның адамды қабылдауының механизмдері	қарым – қатынас қалыптастыруға және нығайтуға, науқастармен мәлімет жинау.	2
9	Дәрігерлік құпия	Қазіргі заманғы дәрігердің моралдық міндеті мен құқығы, жауапкершілігі (Дәрігерлік құпия, эвтаназия, ятрогения және т.б.мәселер)	2
10	Бет жақ және стоматологиялық емханасындағы тіс технигі, дантист, дәрігер ортопедтің жұмыс ерекшелігі	Бет жақ және стоматологиялық емханасындағы тіс технигі, дантист, дәрігер ортопедтің жұмыс ерекшелігін ажырата білу	
11	Коммуникативті және өздік тосқауылдар	дәрігердің науқаспен, оның туыстарымен және өзінің әріптестерімен тиімді қарым – қатынасқа жетілдіруге бағытталған.	2
12	Коммуникативті процесс және коммуникативті	қарым – қатынас қалыптастыруға және нығайтуға, науқастармен мәлімет жинау,	2

	дағдылар туралы ұғым	ақпарат алмасуға, шешім қабылдауда вербальды қарым – қатынаста қолданатын, вербаль емес қарым-қатынаста	
Барлығы			24

1.7.2. Практикалық, симуляциялық сабақтардың тақырыптық жоспары

№	Тақырып атауы	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Медицина қызметкерінің коммуникативті біліктілігі	Қарым – қатынасын қалыптастыруға коммуникативті біліктілік, коммуникативті потенциал және аффилиация, эмоционалды тұрақтылық	2
2	Науқас психологиясының ерекшеліктері. Дерттің ішкі көрнісі.	Науқастың темпераменті мінезіндегі ерекшеліктері тұлғаның ауруға ішкі бейнесінің деңгейлері.	2
3	Дертке көзқарастың түрлері және науқастардың дертке психикалық (мінез-құлықтың) серпілісі	Науқастың ауруға қатысының түрлері. Мінез-құлқына байланысты ауруға серпілісі. Науқастың типтеріне анықтама беру.	2
4	Психологиялық ерекшеліктері бар және психикалық бұзушылықтары бар науқастармен қарым-қатынас	Интеллектісі шектелген науқастар. Депрессивті науқастар. Патологиялық қорқыныштары бар науқастар. Жағдайы ауыр, емінәтижесіз болған науқастармен қарым-қатынас жасау.	2
5	Тілдік және мәдени ерекшеліктері бар науқастармен қарым-қатынас жасау	Есту, көру нашар науқастармен қарым-қатынаста медицина қызметкері шыдамдылық, сезімталдық көрсету.	2
6	Есту, көру және сөйлеу бұзушылықтары бар науқастармен қарым-қатынас жасау	Тілдік мәдени өзгешелігі бар науқастармен жұмыс жасауда не нәрсеге басты көңіл бөлу керек. Тілдік бөгеттер. Сөздік емес тәсілдер. Паравербальды тәсілдер.	2
7	Бейәлеуметтік және қауіпті мінезді науқастармен қарым-қатынас жасау	Әлеуметке қарсы науқастарға медициналық қызметкер жауыздық көрсету негіздің жоқтығын түсіндіру.	2
8	Қақтығыстардың пайда болуына себептес факторлар және оларды шешу жолдары	Тұлғ аралық, мекеме аралық, жеке топтар арасындағы қақтығыстар. Қақтығысқа әкеп соғатын мінездік ерекшеліктері. Қақтығыстан шығу жолдары, әдістері.	2
9	Сауалнама тәсілінің негізгі мінездемелері және оның түрлері	Дәрігерге коммуникативтік біліктілік басқа әріптестерімен үйлесімді қарым – қатынасты қамтамасыз етіп, денсаулық сақтау	2

		саласындағы мамандармен қосылып тиімді дәрігерлік көмек көрсетуге көмектеседі.	
10	Медициналық интервью, ұғымы және құрлымы	Медициналық интервью, ұғымы және құрлымы және жасау тәсілдері	2
11	Аралық бақылау	Білімді бағалау	2
12	Сараланған сынақ	Қорытынды бақылау	2
Барлығы			24

1.8. Оқыту және сабақ беру әдістемесі:

көркемдеп-бейнелеу әдісі,
репродуктивтік әдісі,
ізденушілік әдіс,
эвристикалық әдіс,
зерттеушілік әдіс.

Теориялық сабақтар:

Оқу сабақтарын инновациялық технологияларды қолданумен оқу үрдісін ұйымдастырудың түрлі нысандарын қолдана отырып өткізу ұсынылады.

Практикалық сабақтар: Осы типтік бағдарлама практикалық сабақтарды колледжде және сондай-ақ студенттер қажетті дағдылар алып, түрлі адамдармен жағдаяттарын ескере отырып, тиімді қарым-қатынастар жасай алатын емдеу мекемелерінде де өткізуді қарастырған.

1.9. Білімді бағалау

Ағымдағы бақылау: тестілеу, жазбаша / ауызша сұрау, жағдаяттық міндеттерді шешу.

1.10. Материалдық-техникалық тұрғыдан жабдықталуы.

Ұсынылатын оқыту құралдары:

- 1 Плакаттар, кестелер жинағы
2. Сұрақтар жинақтары
- 4 Жабдықтар мен құралдар: компьютерлер, мультимедиялық аппараттар, CD, DVD, видео.

Жабдықтары мен жарақтары: қазіргі заманғы оқу-әдістемелік әдебиет, жаңа оқулықтар мен анықтамалық құралдар, дидактикалық және көрнекі құралдар, плакаттар топтамасы, кестелер, мультимедиялық оқу бағдарламалары, топтық жұмысты, рөлдік ойындарды жазуға арналған бейнекамера, бейне-жазбаларды көруге арналған бейнеаппаратура.

1.10.1 Негізгі әдебиет:

1. Медицинская этика и деонтология.-М 2019
2. Иванюшкин А.Я. Профессиональная этика в медицине.-М.,2018
3. Молдабеков Ж.Ж. Этика-кәсіби этика –мораль-жеке тұлға психикасы-кәсіби сана-кәсіби борыш-көзқарас-қатынастың құрылымы-этикет-Астана фолиант, 2018ж.

10.1.2. Қосымша әдебиет:

1. Дербісалина, Г.Ә. Жалпы практикалық дәрігердің жұмысындағы коммуникативті дағдылары әдістемелік нұсқау /Г.Ә Дербісалина; ҚР денсаулық сақтау министрлігі. – Қарағанды: ЖК «Ақнұр».2018.-88бет.-40эжз
2. Илешева Р.Г. Медициналық психология Оқу құралы Алматы Нұр- Принт 2018

10.1.3. Интернет – ресурс